

Жер асты кен жұмыстарында істейтін адамдарды және зейнеткерлердің басқа санаттарын зейнетақымен қамсыздандыруды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 11 ақпан N 1559.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Жер асты кен жұмыстарында істейтін қызметкерлерді және зейнеткерлердің басқа санаттарын зейнетақымен қамсыздандыруды жақсарту мақсатында және " Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына Z933600_ сәйкес қаулы етемін:

1. Көмір, сланец, руда және басқа да пайдалы қазбалар өндіру жөнінен жер асты кен жұмыстарында, шахталар мен кеніштер құрылысында істейтін адамдарға (кен құтқару бөлімдерінің жеке құрамына қоса), жеңілдік шартпен тағайындалатын зейнетақыға құқық беретін күнтізбелі есептелген жұмыс істеген әрбір жыл үшін, сондай-ақ еркектер үшін 20 жылдан, әйелдер үшін 15 жылдан артық күнтізбелі есептелген жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін зейнетақы мөлшері есепке алынатын орташа айлық жалақының 1,5 процентіне өсірілетін
б о л ы п б е л г і л е н с і н .

Бұл орайда есепке алынатын орташа айлық жалақы процентіне шағып есептелген жасына байланысты зейнетақы мөлшері осы аталған жалақыдан
а с п а у ғ а т и і с .

2. Зейнетақы тағайындаған немесе қайта есептелген кезде ең төменгі жалақыны он есе мөлшерінен аспайтын орташа жалақы сомасы есепке алынсын, кері шегіністі шкала арқылы оған шек қойылмайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары, 1991 ж., N 25, 328-бап) жобасын жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің
қ а р а у ы н а е н г і з с і н .

4. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол жаңадан сайланған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі "Қазақ ССР-інде азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы" "Қазақ ССР Заңына өзгертулер

мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын қабылдағанға дейін қолданылады.

5. Жарлық 1994 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енеді

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК